

# Ленин

Барлық елдердің пролетарлары, бірлесіңдер!

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 39 (6999)

Жексенбі 25 февраль 1945 жыл

Шығуына 27-ші жыл  
Жеке саны 29 тыйын

## Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

1-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы  
Советтер Одағының Маршалы ЖУКОВҚА  
Майдан штабының бастығы  
Генерал-полковник МАЛИНИНГЕ

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері жауды бір ай бойына қоршауда ұстап, қатты ұрыстардан кейін дұшпанның қоршаудағы әскер тобын жоюды аяқтады, сөйтіп бүгін, 23 февральда немістердің Берлин бағытындағы қорғанатын стратегиялық маңызды торабы—ПОЗНАНЬ қаласы мен қамалын толық алды.

ПОЗНАНЬДА болған ұрыстардың барысында майдан әскерлері қамал коменданты генерал-майор Маттерн және оның штабымен бірге немістердің 23 мың солдатты мен офицерін, сол сияқты орасан көп қару-жарақ пен соғыс мүлкін қолға түсірді.

ПОЗНАНЬ қаласы мен қамалын алу ұрыстарында генерал-полковник ЧУЙКОВТЫҢ, генерал-лейтенант ДУХАНОВТЫҢ, генерал-лейтенант ВОЛКОВТЫҢ, генерал-майор БЕЛЛВСКИЙДІҢ, генерал-майор ШЕМЕНКОВТЫҢ, артиллерия генерал-майоры ХЕТАГУРОВТЫҢ, генерал-майор ГЛЕБОВТЫҢ, генерал-майор БАКАНОВТЫҢ, генерал-майор КОБЕРИДЗЕНІҢ, генерал-майор МОИСЕЕВСКИЙДІҢ, полковник МАРЧЕНКОНЫҢ әскерлері; артиллерия генерал-лейтенанты ПОЖАРСКИЙДІҢ, артиллерия генерал-майоры РОЖАНОВИЧТИҢ, артиллерия генерал-майоры ЛЕБЕДОВСКИЙДІҢ, артиллерия генерал-майоры СЕРЕДИННИҢ, полковник ФАНТАЛОВТЫҢ, полковник ПОСЬКОНЫҢ, полковник ПРОЗОРОВТЫҢ, полковник ВИНОВАДОВТЫҢ, полковник ЕГОШИННИҢ, полковник ЦАРЕВСКИЙДІҢ, полковник ПОТЕМКИННИҢ, полковник ВАЛЬЧЕНКОНЫҢ, полковник РУСАНОВТЫҢ, полковник ЦАРЕВТИҢ, полковник ШЕВЧЕНКОНЫҢ, полковник КОЗУБТЫҢ, полковник ПОЧИТАЛОВТЫҢ, подполковник МИХАЙЛОВСКИЙДІҢ, подполковник АНАШНИННИҢ, подполковник СКВОРЦОВТЫҢ артиллерияшылары; танк әскерлерінің генерал-майоры ВАЙНРУБТЫҢ, полковник ЕРЕМЕЕВТИҢ, полковник ОМЕЛЬЧЕНКОНЫҢ, подполковник ЛОБАНОВТЫҢ, подполковник ИВАНЮКТИҢ, подполковник ЛУНШТИҢ, майор ИВАНОВТЫҢ, майор КИБАЛЬДИҢ, майор ГЕРЦЕВТИҢ, майор ВЕЙСМАННИҢ танкшілері; авиация генерал-майоры КОМАРОВТЫҢ, полковник ЯКОВСОНЫҢ, подполковник НОВИКОВТЫҢ, подполковник ДЫСЕНКОНЫҢ, подполковник ВОЛКОВТЫҢ, подполковник ЛЕОНОВТЫҢ, подполковник ВАСИЛЬЕВТИҢ, майор АБРОСКИННИҢ ұшқыштары; инженерлік әскерлердің генерал-майоры ТНАЧЕНКОНЫҢ, инженерлік әскерлердің генерал-майоры БОРЖАНОВТЫҢ, подполковник КУЗНЕЦОВТЫҢ, полковник ПРУССТЫҢ, майор СУДИЛОВСКИЙДІҢ, подполковник РОЖДЕСТВЕНСКИЙДІҢ, майор МАХОВТЫҢ, капитан МАЛИННИҢ саперлері; полковник ЧЕРКАСОВТЫҢ, полковник ПУГАЧЕНКОНЫҢ, майор ПОЛОСМАКТИҢ, майор ОРЛОВСКИЙДІҢ байланысшылары көзге түсті

Сол жеткен жеңістің хұрметіне, ПОЗНАНЬ қаласы мен қамалын алу ұрыстарында өте-өте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «ПОЗНАНЬ» атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 23 февральда, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, ПОЗНАНЬ қаласы мен қамалын алған 1-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ПОЗНАНЬДІ азат ету ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қиймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан баатырлардың даңқы мәңгі өшпесін!  
Неміс басқыншыларға өлім көлсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы  
Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.  
1945 жылғы 23 февраль. № 284.

Мариям Жағорқызына (Мария Егоровна Рыкинаға)  
Қазақ ССР көркем өнеріне еңбегі сіңген қайраткер  
атағын беру туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президумының Указы

Қазақтың халық көркем өнерін өркенде-  
туісінде көрнекті еңбек сіңіргені үшін жә-  
не халық арасында көп тараған бірсып-  
ра ән шығарғаны үшін композитор жә-  
не ақын Мариям Жағорқызына (Мария  
Егоровна Рыкинаға) Қазақ ССР көркем  
өнеріне еңбегі сіңген қайраткер атағы бе-  
ріліп, хұрмет грамотасы қоса тапсырыл-  
сын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президумының Председателі Ә. ҚАЗАҢБАЕВ.  
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президумының Секретарі С. НҰРМАҒАМБЕТОВ.  
Алматы қаласы. 1945 жылғы 8 февраль.

## Совет Хабаршы бюросынан 23 ФЕВРАЛЬДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

23 февральда КЕНИГСБЕРГТИҢ оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз дұшпанның Шығыс Пруссиядағы әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізді, сөйтіп қоршау шеңберін қыспаққа ала отырып, АРИСТАЙН, ЛИХТЕНФЕЛЬД, ЛИЛИЕНТАЛЬ, ТОЛЬКСДОРФ, ЛИБЕНАУ, ШАЛЬМАЙ қыстақтарын алды. 22 февральдағы ұрыс-  
тарда бұл ауданда әскерлеріміз немістердің 500-дей солдатты мен офицерін қолға түсір-  
ді.

ПОМЕРАНИЯДА әскерлеріміз дұшпанның қарсылығын жеңіп, АРИСВАЛЬДЕ қаласы мен темір жол торабын алды.

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері жауды бір ай бойына қоршауда ұстап, қатты ұрыстардан кейін, дұшпанның қоршаудағы әскер тобын талқандауды аяқтады, сөйтіп 23 февральда, немістердің БЕРЛИН бағытындағы қорғанатын стратегиялық маңызды торабы—ПОЗНАНЬ қаласы мен қамалын толық алды.

ПОЗНАНЬДА болған ұрыстардың барысында майдан әскерлері немістердің 23 мың солдатты мен офицерін және қамал коменданты генерал-майор Маттерннің, оның штабымен қоса қолға түсірді, сол сияқты жаудан мынадай олжа: 365 самолет, 32 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 584 жай зеңбірек, 177 минохет, 4490 пулемет, 30 мыңнан аса винтовка мен автомат, 36 бронетранспортер, 3260 автомашина, 400 мо-  
тоцикл, 21 радиостанция, 193 паровоз, 3705 вагон, 990 ат қолға түсірді. Дұшпан тек өлдей 25 мыңнан аса солдатты мен офицерінен айырылды.

БРЕСЛАУ ауданында әскерлеріміз қалада қоршауға алынған дұшпанның әскер тобын жою жөнінде ұрыстар жүргізе отырып, қала маңындағы ПАПЕЛЬХОФ, ГРОСС-РААКЕ, КЛАЙН-РААКЕ, КЛАЙН-БИШВИЦ, КЛАЙН-МАЗЕЛЬВИЦ қыстақтарын және қаланың оңтүстік жақ бөлігінде 20 кварталды алды. 22 февральдағы ұрыстар-  
да бұл ауданда әскерлеріміз немістердің 130 зеңбірегін, оның ішінде аса қуатты 80 зеңбірегін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергі-  
лікті маңызы бар ұрыстар болды.

22 февральда барлық майдандарда немістердің 105 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұш-  
панның 14 самолёті атып түсірілді.

1-Белорус майданының әскерлері бү-  
гін, дұшпанның қоршаудағы әскер тобын талқандауды аяқтап, Познань қаласы мен қамалын толық алды.

Әскерлеріміз январьдың аяқ шеңінде қауырт шабуылды дамыта отырып, Поз-  
наньда немістердің ірі күштерін қоршауға алды. Совет бөлімдері қалаға таяу маңға қамал болған қуатты бекіністі ауданнан өтіп, темір жол станциясын алды, сөйтіп қаланың орталығына басып кірді. Гитлер-  
шілдер ескі үлкен үйлерге бекінді. Әрбір үй үшін кескілескен ұрыстар болды. Мұ-  
нымен қатар, әскерлеріміз Познаньді сол-  
гүстік және шығыс жақтан бүркемелеген бекіністерді қоршауға алып, бұл бекініс-  
тердің гарнизоныларын жойып жіберді. Со-  
вет әскерлерінің ұрыс қиймылдарын ойда-  
ғыдай жүргізуі нәтижесінде, 17 февраль-  
да, таң алдында Познань қаласы мен қа-  
ла маңындағы қыстақтар немістерден та-  
зартылды. Дұшпанның қоршауға алынған гарнизонының қалдықтары қазіргі заман-  
ның соғыс-инженерлік жабдықтарымен нығайтылған ескі қамал—Цитадельге бе-  
кінді. Цитадель кесі алақатты биік жерде және оны айнала асулар бар. Бұл асулардың арғы бетінде танкке қарсы ені 8 метрлік және тереңдігі 5 метрлік ор қазыл-  
ған. Бұл ордың арғы бетінде дұшпан бе-  
тоннан салынған көптеген атыс бекініс-  
терін топтандырған. Бұл бекіністер бір-бірімен жер астынан салынған жолдар арқылы байланысады. Атыс бекіністерінің арғы жа-  
ғында үлкен қамал бар. Цитадельді дұш-  
панның әрқашан жаңа әскер және артилле-  
рия бөлімдері, сол сияқты юнкерлер мен унтер-офицерлер училищелерінің курсант-  
тары қорғап тұрды. Неміс гарнизонының қарамағында көптеген оқ-дәрі және 4 ай-  
ға жетерлік азық-түлік қоры болды. Не-  
містердің барлық солдаттарына қайткен күнде Познаньдан айрылып қалмауды талап еткен Гитлердің бұйрығы жарияланды.

Әскерлеріміз қауырт шабуыл жасау нә-  
тижесінде, асуды гитлершілдерден тазар-  
тып, ордан өтті, сөйтіп Цитадельге тіке шабуыл бастады. Аса қуатты зеңбіректер қамалға қарай нөсерлете оқ боратты. Со-  
вет жаңа әскерлері мен саперлері авто-  
мен керосин құйылған бөшекелерді қамал-  
дың іргелеріне қарай тасып, оны бұза бас-  
тады. Қамалдан өтетін ашық алаң жасал-  
ғаннан кейін шабуылшы отрядтарымыз жауға қарай тап берді. Көптеген жаңа әс-  
керлеріміз қамалдың іргелеріне жіптен жа-  
салған басқыншылар мен арқандардың көмегі мен жетті. Табан тірескен ұрыстан кейін совет бөлімдері қамалдағы түрме мен ра-  
диостанцияны алды. Әскерлеріміздің бер-  
ген соққысына төтеп бере алмай, немістер топ-тобымен қару тастап, қолға беріле бастады. Айбынды совет жауынгерлері бү-  
гін түстен кейін дұшпанның Познаньдағы қорғанатын негізгі торабы—Цитадельді то-  
лық алды.

Познань қаласы мен қамалы немістердің Берлин бағытындағы қорғанатын стра-  
тегиялық маңызды торабы еді. Мұнымен қат-  
тар, Познань—ірі өнеркәсіп орталығы. Соғыс кезінде немістер бұл қалада бірсып-  
ра соғыс заводтарын салды және мұнымен бірге бұл жерге Германияның өртүрлі аұ-  
дандарынан кейбір соғыс өнеркәсіп орында-  
ры көшіріп әкелген. Қалада Польшаның батыс жақтағы аудандарын Помераниямен, Бранденбург провинциясымен және Силе-  
зиямен байланыстыратын 8 темір жол мей-  
кептеген тас жол тоғысады. Варшава—  
Берлин темір жолы Познань арқылы өтеді.

Бреслауда әскерлеріміз дұшпанның қала-  
да қоршауға алынған әскер тобын жою жө-  
нінде ұрыстар жүргізді. Оңтүстік жақтан шабуыл жасаушы совет бөлімдері табан тірескен ұрыстардан кейін немістердің темір жол бойындағы қорғану шебіні бұзып өтті. Жаңа әскерлеріміз радио станцияны, танк және автомобиль жөндеу мастерской-  
ларын алып, оңтүстік парк алаңын гитлер-  
шілдерден тазартты. Қаланың оңтүстік жақтағы кварталдарында кескілескен ұрыс-  
тар болып жатыр. Дұшпан көшелердің мұ-  
йістерінде атыс бекіністерін жасап, өлер-  
мендікпен қарсылық көрсетуде. Советтің шабуылшы топтары ұрыс саала отырып, ал-  
ға басуда, сөйтіп гитлершілдерден квартал-  
дардың бірін соң бірін тазартуда. Жау-  
дан көптеген қару-жарақ, сол сияқты со-  
ғыс жабдығы мен оқ-дәрі қойған склад-  
тар қолға түсірілді.

Бүкіл совет елі Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер Одағының Маршалы Сталин жол-  
дастың Қызыл Армияның 27 жылдығы туралы бұйрығын зор жігермен қарсы ал-  
ды.

Советтер Одағының көптеген қалаларында, селоларында, заводтарында, мекемеле-  
рімен қолхоздарында көп адам қатысқан жыйылыстар мен митингілер болып өтті. Совет халқы жауға қарсы күресте қол жеткен тарихи өкіністердің ұйымдастыру-  
шысы және рух берушісі өздерінің сүйікті көсемі әрі қолбасшысының шын жүректен құт-  
тықтауда. Совет халқы неміс басқыншылар-  
ға қарсы ұлы ұрыстарда Отанымыздың бос-  
тандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалған жеңімпаз Қызыл Армияны мақтан етуде.

Сталин жолдастың бұйрығын талқылау Москваның Киров атындағы «Динамо» за-  
воында ерекше зор өрлеумен өтті. Шойын құю цехының шебері Курин жолдас өзінің сөзінде былай деді: «Ұлы Сталин айбын-  
ды Қызыл Армиямыздың асқан зор күші мен қуатын атап көрсетті. Гитлершілдер жүз жылдан аса уақыттан бері дұшпанның бірде-бір солдатты Германия жеріне аяқ басқан жоқ деп мақтанды. Неміс армия-  
сы тек басқа елдің жерінде соғысты және соғысады деп мақтанды. Зұлым әрі дандай сыған гитлершілдер. Қызыл Армия мақтан-  
шақ гитлершілдердің дандайсуын жоққа шығарды. Қызыл Армия немістерді совет жерінен қуып шығарды және Европа хал-  
ықтарына немістердің құлдық бұғавынан құтылуына көмектесті. Жеңімпаз Қызыл Армия бүкіл совет халқының зор көмегіне сүйенеді. Қазір, неміс басқыншыларға қарсы шешуші ұрыс күндерінде, тыл қызметкер-  
лері өздерінің Қызыл Армияға деген кө-  
мегін бұрынғыдан да еселеп күшейтеді. Неміс басқыншыларды толық және біржо-  
лата жеңу жолынан ешқандай аямаймыз».

(Соңы 2-бетте).

## ССР ОДАҒЫНЫҢ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ МЕН БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНЕН

ССР Одағының Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитеті орыстың көрнекті жазушысы, көркем сөздің талантты шебері, Отанымыздың жалынды отаншылы, СССР Жоғарғы Советінің депутаты Алексей Николаевич Толстойдың қайтыс болғандығын қайғырып хабарлайды.

ССР ОДАҒЫ ХАЛЫҚ КОМИССАРЛАРЫ СОВЕТІ  
БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ.

Ленинградтың Сталин атындағы заводы жұмысшыларының жыйылысында ісхановты Родионов сөз сөйледі. «Қызыл Армия», — деді ол, — жауға күш жағынан бұрын-соңды болып көрмеген соққы берді, сөйтіп соғыс қыймылдарын Германия жеріне көшірді. Соғыс өрті неміс жерінде қаулауда. Немістерді толық жеңетін күніміз енді жақын екендігі туралы Сталиннің сөздерін біз зор құжандымен қарсы алдық. Сталин жолдас бізді жеңіс ешқашан да өздігінен келмейді, — оған ауыр ұрыстар мен қажырлы еңбек арқылы ғана қол жетеді деп үйретті. Тыңбастан еңбек етеміз, сөйтіп туысқан Қызыл Армиямыздың ұлы міндетті орындауына көмектесеміз деп серт береміз».

Харьковте, Яковлев жолдас директор болып істейтін заводтың жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің жыйылысында жұмысшы әйел Қрыжановская сөз сөйлеп былай деді: «Мен Жоғарғы Бас жолбасшының бұйрығын сөзбен айтып жет жөз алмастай ықласпен тыңдадым. Сталин жолдас, соғыстың төртінші жылында Қызыл Армияның қай уақыттағысынан болса да, анаурулым тегеуірлігі және күшті болжам алғандығын атап көрсетті. Совет адамдары өзінің сүйікті әрі дақты Қызыл Армиясының шын жүректен мақтан етеді».

## 19 АДАМ ОҚЫП ШЫҚТЫ

Булаев аудандық жер бөлімі колхоз председателдері орынбасарларының 10 күндік курсын ұйымдастырған еді. Жуырда курс аяқталды. Курсте 19 адам оқып шықты.

Курсте оқығандар ауыл шаруашылығының уставы, колхозшыларға еңбек ақы төлеуді ұйымдастыру, колхоздың ішкі жұмыстарын жоспарлау және жер өңдеу мәселелері жөнінде лекциялар тындап, көп мағлұмат алды.

Мұнымен бірге курсте 1945 жылдың көктем егісіне әзірлену, егіс тұқымын әзірлеу және олардың уқыпты сақталуын қамтамасыз ету шаралары туралы бірнеше әңгімелер өткізілді.

## АЛДЫҒЫ ҚАТАРЛЫ ЖАС ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЕКІНШІ СЪЕЗІ

Жақын арада Петропавл қаласында жас жұмысшылардың облыстық 2-съезі болып өтті. Съезде ҚАКЖО облыстық комитетінің секретарі Попов жолдас өндіріс орындарындағы, МТС-тар мен совхоздардағы жастардың 1944 жылғы жұмысы және 1945 жылғы міндеттері жөнінде баяндама жасады.

—Өнеркәсіптің барлық тарауында, транспорт пен ауыл шаруашылығында, — деді баяндамашы, — әсіресе соғыс кезінде жастар күші — шешуші күшке айналды. Облысымыздағы үш жүзден аса комсомол-жастар бригадаларының басым көпшілігі өндірісте жан аямай еңбек істеудің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Баранов, Пономарев, Загребельный, Тимофеев, Хаярова тағы басқа жолдастар басқарған бригадалардың мүшелері өндірістік тапсырманы үнемі 250—500 процент орындайды.

Бондарев, Мұхамедиева, Юшко және Румянцев жолдастардың басқаруындағы трактор бригадалары өткен жылы әрбір трактормен 800—1300 гектар жер жұмыс тап, жүздеген килограмм жанар май үнем деді. Соңғы кезде облысымыздың өнеркәсіп орындарында бригадирлер Агарков және Филатов жолдастардың жұмыс әдістері кеңінен қолданыла бастады. Резчик және Малахов жолдастар директор болып істейтін заводтарда жаңа әдісті қолдану нәтижесінде 10—30 процент басқа жұмысқа

## КӨКТЕМГІ ЕГІСКЕ ҮЛГІЛІ ӘЗІРЛЕНЕЙІК!

### „Жаңа жол“ колхозының жайбарақат басшылары

Октябрь ауданындағы «Жаңа жол» колхозының басшылары (председателі Мауытбаев жолдас) көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын тыңғылықты ұйымдастырмай келеді.

Бұл колхозда еңбек тәртібі бәсеңдеген. Колхозшылар жұмысқа кеш шығып, оны ерте тоқтатады. Ал кейбір колхозшылар, әсіресе басқарма мүшелерінің әйелдері колхоз жұмысына қатыспайды. Егін бригадаларының бригадирлері Жиентаев және Сыздықов жолдастар колхозшылардың еңбегін нашар ұйымдастырып, әрбір колхозшының тапсырманы уқыпты орындауын қамтамасыз етпей келеді. Бұл сыяқты салдыр-салақтыққа Мауытбаев жолдас та төзіп отыр.

Міне осының салдарынан колхозда әлі күнге дейін 78 гектар егін бастырылмай тұр, құйылған 1046 центнер тұқым нашар сақталудың салдарынан шірі бастаған. Колхозда 1 трее, 2 веялка және астық тазартатын басқа машина бола тұрса да құйылған тұқымды тазарту жұмысына кірісілген жоқ.

Көктемгі егіске ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын әзірлеуді колхоз басшылары ұмытып кеткен көрінеді. Тіпті кейбір машиналар мен құрал-

саймандар қар астында қалған. Оны ұста дүкеніне әкелуді ешкім ескермеген. Колхозда 19 соқаның, 21 арбаның және 116 тырманың бірде-бірі жөнделген жоқ.

Колхоз председателі Мауытбаев жолдас қысқы агротехникалық шаралар жөнінде көп айтады. Бірақ сол шараларды жүзеге асыру жолында ол ешдеңе істеген емес. Бірде-бір гектар жерге қар тоқтатылмады. Сол сыяқты жергілікті тыңайтқыштар әзірлеу жұмыстары да ұмыт қалған істің бірі.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитеті жұмыс малдарын сақтау және оны көктемгі дала жұмыстарына әзірлеу шаралары туралы арнаулы қаулы қабылдап, онда колхоз председателдері мен бригадирлеріне жауапты міндеттер жүктегеніне қарамастан, колхоз басқармасы бұл қаулыны көрне-көзге бұрмалап отыр. Колхоздағы 79 өгіз бен 31 аттың бірде-бірін күтімге қоймады. Шынында бұл жұмыс малдарының басым көпшілігі қонды емес, көктемгі дала жұмыстарына жәрәмсіз.

«Жаңа жол» колхозының жайбарақат басшылары бұл кемшіліктерден қашан арылар екен?

С. ШӘЙМЕРДЕНОВ.  
(Өз тілшіміз.)

### Комсомол-жастардың мол өнімшілер звеносы

Булаев ауданындағы «Страна Советов» ауыл шаруашылық артелинде комсомол-жастардан мол өнімшілер звеносы құрылды. Колхозшылар комсомол мүшелері мен жастардың игілікті бастамасын ықласпен мақұлдап, мол өнімшілер звеносына егіс учаскесін бөліп берді.

Мол өнімшілер звеносының мүшелері өздеріне берілген егіс учаскесінде қысқы агротехникалық шараларды жүзеге асыру ісіне білек сыбана кірісті. Олар қазірдің өзінде 20 гектар егіс алаңына қар тоқтат-

ты, 5 центнер күл, 3 центнер құс қыйын жыйнап қойды. Егіс алаңына бірсыпыра көп тасып, төкті. Мұнымен бірге звено мүшесі 15 центнер тұқым бидайды тазартып, оны егістік сапаға жеткізді. Комсомол мүшелері мен жастар егіске әзірлікте стахановша еңбек істеуде.

—Көктемгі дала жұмыстарына үлгілі әзірленіп, — дейді колхоз жастары, — егіннен мол өнім алудың берік негізін қалаймыз.

М. ЕГІЗБАЕВ.

қызыл мүйіз, кітапхана тағы сондай мәдени мекемелер мүлде жоқ.

Съезге қатысушылар облыстық партия комитетінің секретарі Конин жолдасдың сөзін зор сала тыңдады.

—Облысымыздың жастары жауды жеңу ісіне зор үлес қосты, — деді Конин жолдас. — Олар алда тұрған міндеттерді шешуде зор табыстарға ие болды. Алайда, жастардың жұмысында бірталай кемшіліктердің болуына жол беріліп отыр. Бірсыпыра жас жұмысшылар комсомол-жастар бригадаларының қатарында жоқ. Өзінде комсомол ұйымдары жұмыс уақытының өнімді пайдалануына немкетті қарайды. Жұмысшылардың тұрмыстың және мәдени қажетін тыңғылықты өтеп отыру керек. Комсомол мүшелері асқаналарға және жұмысшыларды жабдықтау бөлімдерінің жұмысына бақылаушы болуға тиіс. Сол сыяқты жастар арасында көркем өнер дарындыларының үйірмесін және жастардың саяси-идеялық дәржесін арттыратын үйірмелердің ұйымдастырылып, олардың бір қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету — маңызды жұмыстардың бірі.

Булаев аудандық комсомол комитетінің секретарі Великанов, Мамлют ауданындағы таңдаулы тракторшы Янушев, слесарь Быковный, двигателдер жасайтын заводтағы озат комсомол-жастар бригадасының бригадирі Доспаев тағы басқа жолдастар жарыс сөз сөйледі.

Съезге қатысушыларға қала пионерлерінің делегациясы келін, құттықтау жолдады.

Съезде күн тәртібіндегі мәселе туралы нақтылы қаулы қабылданды.

## Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 23 февраль. (ТАСС). Одақ тастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованнесі штабының хабарында быдай делінген: Германияда одақтастар әскерлері Мойландқа (Клевеннің оңтүстік-шығыс жағында) жетті.

Бельгия, Люксембург және Германия шекараларының тоғысатын жерінің шығыс жағында одақтастар әскерлері Бинсхейе мен Лихтен-Борнлы жаудан тазартты.

Одақтастар әскерлері Вияденді алды, сөйтіп Люксембургті дұшпанның толық тазартуы аяқтады. Вияденнің шығыс жағында одақтастар әскерлері Гейхлинген мен Обергетлерді алды. Одақтастар әскерлері Саар және Мозель өзендері ауданындағы үш бұрышты алаңды дұшпанның тазартты, Феллерх және Таверн қалаларын, сол сыяқты Саарбургтің батыс жақ бөлегін алды. Саарбургтің оңтүстік жағында одақтастар әскерлері екі жерде Саар өзенінен өтіп, Саар өзенінің шығыс жақ жағалауындағы Зерригке жетті.

22 февральда самолеттердің ірі құрамалары дұшпанның қатынас жолдарына, сол сыяқты солтүстік Голландия мен батыс Германиядағы транспорт орындарына шабуыл жасады. Ауыр бомбашылар дұшпанның орталық және оңтүстік Германиядағы, Австрия мен Солтүстік Италиядағы қатынас жолдарына шабуыл жасады.

### Бенештің мәлімдемесі

ЛОНДОН, 22 февраль. (ТАСС). 21 февральда Чехословакия президенті Бенеш өзінің Лондоннан Москва арқылы Чехословакияға жүруі себепті, ағылшын және шет ел тілшілерін қабылдады. Қабылдау кезінде Масарик және тағы басқа көрнекті ресми адамдар болды.

Бенеш «Пресс-Ассоциэйшн» газетінің тілшісіне, өзінің еналдымен Москваға барып, онда ССРОда жүрген бірсыпыра чех-кайраткерлерімен кездесетіндігін мәлімдеді. Бұдан соң Чехословакияға барып, Прага азат етілгенге дейін, уақытша Кошицке бола тұрмақ. Ол еліне келгеннен кейін Чехословакияның Лондондағы үкметі өзінің іс жүргізуін дереу тоқтатады. Бенеш жаңа үкмет құру мақсатында елдің әртүрлі саяси партияларының қайраткерлерін дереу шақырып, олармен мәслихат өткізбек. Жаңа үкметтің қатарына Чехословакияның қарсылық көрсету қозғалысының мүшелері енгізілмек.

### Француз Фашистерінің басшысы Дорно өлтірілді

СТОКГОЛЬМ, 23 февраль. (ТАСС). Оңтүстік-батыс Германияға жасалған өзе шабуылы кезінде Жак Дорноның өлтірілгендігі гитлершіл агенттік — герман хабаршы бюросы хабар етті.

Жак Дорно өздерін «француз халық партиясы» деп атаған фашист қарақшылардың басшысы және Гитлердің нағыз әулымы қолшоқпарының бірі екендігі мәлім. Одақтастар әскерлері Францияға басып кіргеннен кейін, Дорно Францияның басқа қисындарымен бірге Германияға қашып кеткен болатын.

### Австрияда Қызыл Армия күнін мерекелеу

ЛОНДОН, 22 февраль. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Австрияның бас министрі Кэртен 23 февральда, 1945 жыл Армияның хұрметіне барлық қоғам үйлерінде үстіне жалпау тіру жөнінде бұйрық берген.

### Варшаваны қалпына келтіру ісінде сөзет елінің көрсеткен көмегі туралы поляк газетінің пікірі

ВАРШАВА, 22 февраль. (ТАСС). Жақын арада Варшавада ССР Одағы Халық Комиссарлары Советінің Польша астанасы — Варшаваны қалпына келтіру ісіне көмек көрсету туралы қаулысына арналған «Варшава тұрмысы» газетінің арнаулы саны шықты. Газет ССРО Халық Комиссарлары Советінің қаулысы мен қалалық Халық Кеңесінің салтанатты мәжілісінің қарарын жариялады. Қарағда астананы қалпына келтіру кезінде поляк халқына көмек көрсеткені үшін Советтер Одағы халықтарына шын жүректен алғыс айтылған.

Бұл жайы алаңдатын бас мақаласында газет быдай деп жазды: «Поляк халқы өзіне көрсетілген көмекті ешқандай ұмытпайды және совет халқына шын жүректен алғыс айтып, достық бірлестірумен жауап береді».

### Жауапты редактордың орынбасары Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

УШ 00138.